



**БҰЙРЫҚ**

*13.10.2025*

Ақтөбе қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *513*

город Актөбе

**«Жасыл балабақша», «ІТ- балабақша»  
жобаларын масштабтау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына жолдауын және Ақтөбе облысының білім беру жүйесін дамыту бойынша 2023-2029 жылдарға арналған жол картасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Облыстың барлық мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына:

1.1. Экологиялық білім беру жүйесін дамыту, балаларға табиғат пен экологияны қорғауды үйрету бағытында «Жасыл балабақша» жобасы;

1.2. Мектепке дейінгі кезеңде ІТ сауаттылықты арттыру, цифрлық технология саласындағы қарапайым дағдыларын қалыптастыру мақсатында «ІТ-балабақша» жобасы масштабталсын.

2. Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы директорына (Д.Жаманбаева).

2.1. «Жасыл балабақша», «ІТ-балабақша» жобаларының жұмысын үйлестіруді әдістемелік сүйемелдеу қамтамасыз етілсін.

3. Ақтөбе қалалық, аудандық білім бөлімдерінің басшыларына:

3.1. «Жасыл балабақша», «ІТ- балабақша» жобаларының жұмысын барлық балабақшада талапқа сай жүргізу үшін шаралар қабылдансын.

3.2. Барлық мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық білім беру мен цифрлық технологияның қарапайым дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасалсын.

3.3. Жобаға қатысушы педагогтердің нәтижелі жұмыс жүргізуіне қажетті жағдай жасалсын.

003406

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Н.Бертлеуоваға жүктелсін.



**Б.Кузембаева**